

А.Б.Альситова,<sup>1\*</sup>  М.К.Жазыкова,<sup>1</sup>  Л.В.Вахидова<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

<sup>2</sup>М.Ақмолла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Уфа қ., Ресей Федерациясы

## КРЕАТИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ: ҚҰРАМДАС БӨЛІМДЕРІ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ

### Аңдатпа

Соңғы жылдары креативті білім беру ортасын қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады және оны жүзеге асыру мұғалімнен жаңа идеяларды, технологияларды, әдістер мен тәсілдерді меңгеруді қажет етеді.

Зерттеудің мақсаты педагогика ғылымы шеңберіндегі креативтілік құбылысының мәні мен маңызын, сонымен қатар креативтіліктің білім беру ортасының құрамдас бөлігі ретінде білім алушының жеке басына әсерін талдау болып табылады. Зерттеу барысында авторлар креативтіліктің жан-жақты және көп өлшемді сипатын талдай отырып, оның құрамдас бөлігі креативті білім беру ортасын толық ашпайтынын анықтады. Бұл зерттеудің теориялық маңыздылығын құрады.

Талдау білім алушылардың білім нәтижелері мен креативтіліктің тиімділігін қамтамасыз ететін креативті білім беру ортасы барлық қатысушыларды қамтитын физикалық қоршаған ортасы мен заттарына, субъектілер арасындағы тиімді коммуникация мен жайлы психологиялық ахуалға және белгілі бір білім нәтижесіне бағытталған әдістемелік-технологиялық қамту кешеніне байланысты. Бұл мәселелер креативті білім беру ортасының пәндік-кеңістік, әлеуметтік-коммуникативті, ұйымдастырушылық-технологиялық құрылымдық компоненттерінің өзара байланысы мен әрекеттесуі негізінде жүзеге асады.

Зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңін біз бастауыш сыныпта креативті білім беру ортасын қалыптастырудың моделі мен психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтаумен байланыстырамыз.

**Түйін сөздер:** креативтілік, креативтіліктің құрылымы, креативтілік тұжырымдамалары, креативті білім беру ортасы, креативті білім беру ортасының компоненттері.

Альситова А.Б.,<sup>1\*</sup> Жазыкова М.К.,<sup>1</sup> Вахидова Л.В.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова,  
г.Актобе, Казахстан

<sup>2</sup>Башкирский государственный педагогический университет им. М.Акмоллы,  
г.Уфа, Российская Федерация

## КРЕАТИВНАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДА: СОСТАВЛЯЮЩИЕ КОМПОНЕНТЫ И ХАРАКТЕРИСТИКИ

### Аннотация

Актуальность проблемы развития креативности обуславливается тем, что ее решение является источником новых идей, технологий, методов и приемов, новых подходов к выполнению тех или иных действий. Процесс развития креативности требует создания специальных условий в школе, особым образом организованного такого социокультурного пространства, как креативная образовательная среда.

Цель исследования заключается в анализе феномена креативности в рамках педагогической науки, а именно влияния среды как ее компонента на личность обучающегося. Авторы выявляют многомерный и междисциплинарный характер исследования креативности, который не в полной мере раскрывает такой ее компонент, как креативная образовательная среда, в этом заключается теоретическая значимость исследования.

Основным методом исследования служит анализ литературы, нормативно-правовых актов, национального плана развития Республики Казахстан.

Анализ показал, что креативная образовательная среда, обеспечивающая эффективность образовательных результатов и креативности обучающихся, зависит от физической и предметной среды, охватывающих всех участников, эффективной межличностной коммуникации и комфортного психологического климата между субъектами среды и методико-технологического комплекса, ориентированного на определенный образовательный результат. Эти проблемы реализуются на основе взаимосвязи и взаимодействия предметно-

пространственных, социально-коммуникативных, организационно-технологических структурных компонентов креативной образовательной среды.

Следующий этап нашей исследовательской работы мы связываем с определением модели и психолого-педагогических условий формирования креативной образовательной среды в начальной школе.

**Ключевые слова:** креативность, структура креативности, концепции креативности, креативная образовательная среда, компоненты креативной образовательной среды.

*Alsitova A.,<sup>1\*</sup> Zhazykova M.,<sup>1</sup> Vahidova L.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>K.Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan*

*<sup>2</sup>Akmulla Bashkir State Pedagogical University, Ufa, Russian Federation*

## **CREATIVE LEARNING ENVIRONMENT: COMPONENTS AND CHARACTERISTICS**

### *Abstract*

The relevance of the problem of creativity development is conditioned that its solution is a source of new ideas, technologies, and methods to implement certain actions. The process of developing creativity requires the creation of special conditions at school, a specially organized socio-cultural space such as a Creative Learning Environment.

The study aims to analyze the phenomenon of creativity in the humanities, namely the influence of the environment as its component on personality. The authors identify the multidimensional and interdisciplinary nature of the study of creativity, which does not fully reveal such a component of it as the Creative Learning Environment: this is the theoretical significance of the study.

The main research method is analyzing literature, regulatory legal acts, and the national development plan of the Republic of Kazakhstan.

The analysis showed that the Creative Learning Environment, which ensures the effectiveness of educational results and creativity of students, depends on the physical and subject environment, covering all participants, effective communication and a comfortable psychological climate between the subjects of the environment and a methodological and technological complex focused on a certain educational result. These problems are realized on the basis of the interrelation and interaction of the subject-spatial, socio-communicative, organizational and technological structural components of the Creative Learning Environment.

We associate the next stage of our research work with the definition of the model and psychological and pedagogical conditions for the formation of a Creative Learning Environment in primary school.

**Keywords:** Creativity, the Structure of Creativity, Concepts of Creativity, Creative Learning Environment, Components of the Creative Learning Environment.

**Кіріспе.** Қазіргі әлемде болып жатқан жаһандану мен цифрлық қайта құрулар еліміздің қарқынды дамуы мен рухани жаңғырулардың жүзеге асырылуына ықпал етумен қатар, білім беру саласына да көптеген өзгерістер әкелді. Бұл оқу үдерісінде педагогикалық көзқарастардың түбегейлі өзгеруін қажет етері анық.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің міндеттерінің бірі жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту болып табылады», – деп атап көрсетілген [2]. Ал «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында» әлеуметтік трендтер арасында «икемді» дағдылардың өзектілігі ерекше аталып, олардың дамуы «...креативтілікті талап ететін күрделі автоматтандырылмаған міндеттерді орындауға ықпал етеді», – делінген [3].

Олай болса, интеллектуалды тұрғыда дамыған, белсенді, өзін-өзі бақылауға қабілетті, ақпаратты өз бетімен іздей білетін жеке тұлғаны қалыптастыруда шығармашылық ойлаудың, креативтік орта құру мәселесінің алдыңғы орынға шығары анық. Креативтіліктің өзектілігі оның жаңа идеялардың, технологиялардың, әдістер мен тәсілдердің, белгілі бір әрекеттерді орындаудың жаңа жолдарының қайнар көзі болып табылатындығына байланысты. Осыған орай креативтілік құбылысы үнемі өзгеріп отыратын әлемде қоғамның дамуы мен жаңаруына ықпал ететін ресурс болып табылады.

Бүгінгі таңда білім сапасы алынған білімнің көлемімен ғана емес, ең алдымен педагогикалық үдеріске оқытудың жаңа технологияларын енгізумен, оқытушының кәсіби қызмет объектісін игерудегі құзыреттілігімен анықталады, мұнда оқушы білімді өз бетінше іздеуге бағытталған қызмет субъектісі ретінде танылады. Қазіргі білім алушы дайын білімді жинақтауға және құрылымдауға қабілетті, белсенді және креативті тұлға болып табылады, сондықтан ол проблемаларды шешуде креативті көзқарас танытып, білім беру ортасының дамуына ықпал ететін компоненттерді анықтауға мүдделі. Жеке тұлғаның дамуын оңтайландыратын сабақта белгілі бір жағымды ортаны құру, әр сабақтың креативтілік әлеуетін ескеру, нәтижесінде оқушының креативтілігін қалыптастыру – ұстаз үшін маңызды мәселе. Біздің зерттеуіміздің теориялық негізі ретінде шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері алынды. Креативтілік және креативті білім беру ортасының құрамды бөлімдері шетел ғалымдары Guilford J.P.[4], Torrance P. [5], Wallas G. [6], Rhodes M [1], Amabile T. [7], Jordanous A. [8], Г.И.Железовскаяның [9] және т.б. еңбектерінде жан-жақты талданған. Ал Қазақстанда білім алушылардың креативтілігін қалыптастыру мәселесімен айналысқан А.С.Швайковскийдің [10], Б.А.Оспанованың [11], креативтіліктің психологиялық негізін зерттеген А.А.Жолдасбековтің [11], Қ.М.Нағымжанованың [12] және т.б. еңбектері – елімізде осы саланың дамуына оң ықпал еткен құнды дүниелер.

Ұсынылып отырған мақалада білім берудегі креативтілік мәселесіне арналған аталмыш зерттеулерге шолу жасалып, креативтіліктің шетелдік және отандық теориялары, оның компоненттері талданады. Бұл анық эмпирикалық зерттеу болмаса да, әдеби шолудан алынған креативтілік және креативті білім беру ортасының сипаттамалары біздің зерттеуіміздің әдістемелік негізі мен практикалық бөлімін құруға мүмкіндік беретін пайдалы анықтамалық базаны қамтамасыз етті.

*Негізгі ережелер.* Заманауи зерттеулер нәтижесінде креативтілік құбылым жан-жақты, бірнеше ғылым аясында (психология, педагогика, әлеуметтану және т.б.) зерттелетін құбылыс болып табылады. Әлемдік жаһандану үдерісі білім алушылардың интеллектуалды дамуына, белсенді, өзін-өзі бақылауға қабілетті, ақпаратты тәуелсіз іздеуге және креативті ойлауына ықпал ететін жағдай жасауға бағытталған.

Креативтіліктің өзектілігі оның жаңа идеялардың, технологиялардың, әдістер мен тәсілдерінің, белгілі бір әрекеттерді орындаудың жаңа тәсілдерінің қайнар көзі болып табылатындығына байланысты.

Зерттеу барысында креативтіліктің теориялық және эмпирикалық заманауи зерттеулердің нәтижелері басшылыққа алынды және келесі ережелер негізделді:

1. Креативтілік – адам осы креативтілікті күшейтетін ортада жасырын білім мен когнитивті ойлауды қолдана отырып, жаңа өнімді дамытатын үдеріс [6]

2. Креативті білім беру ортасы – оқушылардың креативті дамуын ынталандыратын өзара байланысты және жүйе құраушы компоненттердің жиынтығы: пәндік-кеңістік, әлеуметтік-коммуникативті, ұйымдастырушылық-технологиялық (оқушылардың шығармашылық белсенділігін ынталандыратын қолайлы атмосфера; қатысушылардың іс-қимыл еркіндігіне ықпал ететін күрделілігі әртүрлі проблемалық мәселелер; процесті ынталандыратын және бағыттайтын мұғалім; оқу міндеттерін шешуге креативті тәсіліне ықпал етуші түрлі әрекет түрлері: оқу, ойын, коммуникативті, басқару және т.б.)

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу барысында креативті білім беру ортасының сипаттамалары мен компоненттерін анықтау үшін және сенімді деректер базасын құру үшін ғылыми ізденіс шеңберіндегі әдебиеттерге шолу жасалды.

Салыстырмалы және тарихи талдау әдісі «креативтілік» ұғымының тарихи дамуын және осы құбылысты зерттеудің әртүрлі тәсілдерін анықтауға мүмкіндік берді. Әдеби дереккөздерді іздеу Scopus, Web of Science, РҒДИ, E-Library, GoogleScholar базаларындағы зерттеу тақырыбы және түйінді сөз тіркестері бойынша іздестіру сұраныстары, сондай-ақ Қазақстан

Республикасы Ұлттық кітапханасы қорынан алынған материалдарды іріктеу арқылы жүзеге асырылды. Ғылыми дереккөздерге шолу 2002-2022 жылдардың басылымдарын қамтиды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Біздің зерттеуіміздің мақсаты креативтілік құбылысын әртүрлі ғылымдардың көзқарастары тұрғысынан талдау және оның ғылыми тұжырымдама ретіндегі даму эволюциясын қарастыру, сонымен қатар креативтіліктің негізгі компоненттерінің бірі – креативті білім беру ортасының құрамды бөліктері мен сипаттамаларын анықтау болды.

Жеке тұлғаның қалыптасу үдерісі арнайы жағдайларды, яғни оған енгізілген әрбір адамның шығармашылық өзін-өзі дамытуын ынталандыратын арнайы ұйымдастырылған әлеуметтік-мәдени және білім беру кеңістігі ретінде креативті білім беру ортасын анықтауды талап етеді. Отандық және шетелдік әдебиеттерде білім беру кеңістігі мен білім беру ортасының мәселелеріне арналған іргелі жұмыстар жан-жақты қарастырылған. Бірқатар авторлар білім беру ортасының күрделі құрылымға ие екендігіне баса назар аударады.

Ғылыми әдебиеттерге шолу жасай отырып, біз зерттеу мақсаттарына негізделген келесі сұрақтарға жауап алуға тырыстық:

1. Креативтілік феномені әртүрлі ғылымдар тұрғысынан қалай қарастырылады және оның психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласындағы сипаттамасы қандай?

2. Білім алушының білім нәтижелері мен креативтілігін дамытуға ықпал ететін креативті білім беру ортасының компоненттерін анықтау үшін қандай мәліметтер бар?

Қарастырырылып отырған сұрақтың тарихы. Креативтілікті зерттеу тарихы соңғы екі ғасырдағы еңбектермен шектелмейді. Сонау ежелгі заманнан бастап философтар, ғалымдар, өнертанушылар шығармашылық әрекетінің пайда болу мәселелерін талқылап, көптеген еңбектер жазып кеткен. Мәселен, ежелгі грек философтары Платон мен Аристотель креативтіліктің маңыздылығын және қоғамның креативті тұлғаларға деген қажеттілігін талқылап, оларды адам қызметінің қозғаушы күші деп атады.

Ағылшын эмпиризмнің философтары (Ф.Бэкон Т. Гоббс, Дж. Локк, Д. Юм және басқалар) шығармашылықты жаңашылдыққа әкелетін тәжірибені жетілдіру және өзгерту деп сипаттаған.

Неміс философы И.Кант «шығармашылық» ұғымын түсіндіруге айтарлықтай үлес қосты: «Таза ақылға сын» атты еңбегінде ол өнімді қиялды (шығармашылық) және репродуктивті (қайта құру) бөліп көрсетті.

Ұзақ уақыт бойы креативтіліктің табиғаты туралы мәселе психология мен өнертану саласында қарастырылды, алайда 1950 жылдары американдық психолог Джон Гилфорд зерттеуінің нәтижесінде креативтілік ғылыми қоғамдастықтың қызығушылық саласына айналды [4].

Тарихи тұрғыдан алғанда, шетелдік авторлар арасындағы креативтілік құбылысын зерттеуді келесідей көрсетуге болады (Кесте 1).

*Кесте 1. Шетелдік ғалымдардың креативтілік құбылысын ғылыми тұрғыдан зерттеуінің хронологиялық кестесі*

Автор	Зерттеу мазмұны
Wallas G.	Креативті процестің хронологиялық ағымын анықтап, келесі деңгейлерін көрсетті: дайындық, инкубация, түсіну және тексеру.
Kohler W., Wertheimer M	Қабылдаумен байланысты зерттеулері креативтілік құбылысын зерделеуге ықпал етті.
Osborn A. (1888-1966)	Креативтіліктің белгілі әдістерінің бірін әзірледі, оның көмегімен қолда бар идеялардан жаңа инновациялық шешімдер жасалды. Бұл әртүрлі идеяларды алға жылжытуда шешуші рөл атқаратын миға шабуыл әдісін жасауға себепші болды.
Guilford J.P.(1897-1987)	Креативті мінез-құлыққа қол жеткізген кезде әртүрлі «ой категорияларының» болуын ашатын «интеллект құрылымы» деп аталатын өзінің танымал теориясын жасады. Зерттеу белгілі «дивергентті ойлау сынақтарының» дамуына әкелді

Koestler A. (1905-1983)	Креативті процестің табиғатын зерттеді. Оның пікірінше, креативтіліктің дамуының бастамасы Архимед тәжірибесі болды, креативті процесте мәселелерді шешудің жолы – инсайт теориясын ұсынды.
Torrance P. (1915-2003)	Креативтілікті проблемаларға, тапшылыққа немесе білімдегі олқылықтарға сезімталдық, қиындықты анықтау, шешім табу, болжам жасау, оларды бірнеше рет тексеру және соңында нәтижелерді хабарлау процесі ретінде анықтайды. Жеке тұлғаның креативтілік әлеуетін өлшеуге арналған сенімді құралдарды әзірледі. Оның Дж.Гилфордтың «дивергентті ойлау» теориясына негізделген креативті ойлауды бағалау тесттері жеке тұлғаның креативті әлеуетін өлшеуден бастап, креативтілікті дамытудағы оқытудың ықпалын дамытты.
Rhodes M (1916-1976)	Креативтіліктің 4P (person, process, product, press) моделін ұсынады. Оның құрамына жеке тұлға, процесс, өнім мен ортаны жатқызған.
Gordon W. (1919-2003) Prince G. (1918-2009)	Креативтілікті ынталандырудың әдісі – синектиканы ғылымға енгізген.
Bogen J. (1926-2005) Sperry R. (1913-1994)	Медициналық зерттеулер нәтижесінде оң жақ және сол жақ жарты шар ми ойлауын ажыратып, оң жақ жарты шар ойлауы креативтілікке, ал сол жақ жарты шар ми ойлауы логикаға жауап береді деп есептеді.
Amabile T. (1950)	Креативтіліктің үш компонентті моделін ұсынып, оның «ішкі мотивация», «зерттеу саласындағы тәжірибе», «креативті ойлау дағдылары» өзара байланысты біріктіруші компоненттерін көрсетті. Егер ішкі мотивация мәселені шешіп, жаңа өнім жасауға ынталандырса, тәжірибе техникалық, процессуалдық және когнитивті аспектідегі білімді қамтамасыз етеді, ал креативті ойлау процестері шабыт, қиял, икемділікті біріктіреді.

Кестеде көріп отырғанымыздай, «креативтілік» ұғымына кең ауқымды көзқарастар негізінде әр түрлі ғылым салаларында әр түрлі тұжырымдамалар мен анықтамалар қалыптасқан. Біз зерттеуімізде M.Rhodes ұсынған 4P жіктемеге сүйенеміз [1]. Ол креативтіліктің ең танымал моделі деп танылады және төрт аспектіні қамтиды: креативті тұлға (person), креативті үдеріс (process), креативті өнім (product) және креативті орта (press).

M.Rhodes креативтілік құбылысын адам осы креативтілікті күшейтетін ортада жасырын білім мен когнитивті ойлауды қолдана отырып, жаңа өнімді дамытатын үдеріс ретінде сипаттайды [1]. Бұл модельдің тиімділігін көптеген ғалымдар өз зерттеулерінде растайды (Jordanus, 2015; Aleksandra Gruszka and Min Tang, 2017 және т.б.) «4P креативтілік моделі креативтілікті білім беруде дамытуға, кез келген салада мәселелерді шешуге, экономиканың дамуына ықпал етуде және т.б. проблемалар аясында сұрақтарды шешу үшін тиімді пайдаланылуы мүмкін» [13]. (аударма – А.А.). Сонымен бірге аталған модель кейбір кемшіліктердің алдын алу мақсатында қолданылады. «Мұндай зерттеулердің жағымды креативтілікке ықпал ететін қажетті ортаны құру және қолдау үшін маңызы зор» (Karoor, H., & Khan, A., 2018) [14].

Кейбір креативті тұлғамен байланысты зерттеулер оның тұлғалық қасиеттерін сипаттауға бағытталған. Теориялық талдау кезінде келесідей тұлғалық сапалар аталады: жылдамдық, икемділік, өзіндік ерекшелік, еркін сөйлеу, ширақтық, тәуелсіздік, сенімділік, мотивация, қиял, табандылық [6].

Креативтіліктің тағы бір компоненті – креативті үдерісті зерттеу әртүрлі амалдарды қолдана отырып жүргізіледі. Wallas, G. алғашқылардың бірі болып креативті үдерісті кезеңдер тізбегі ретінде сипаттады: 1) дайындық (проблеманы бағалау); 2) инкубация (саналы және бейсаналық психикалық қозғаушы күш); 3) түсіну (жаңа идеяны түсіну); 4) тексеру (идеяларды бағалау) [3]. Креативті үдеріске салыстырмалы түрде жаңа көзқарас – бұл Генерлоре моделі, ол шығармашылық өнімді құруда екі түрлі фазадан тұрады: генеративті фаза және зерттеу фазасы.

Креативті өнімге қатысты зерттеулер өнімді креативті ететін сипаттамаларға бағытталған. Осы саладағы негізгі зерттеулердің бірін 1981 жылы Besemer & Treffinger жасаған. Ол



креативті өнімді бағалау үшін үш негізгі сипаттама болуы керек екенін атап өтті: (а) жаңашылдық; (б) шешім; (с) әзірлеу [6].

Зерттеу барысында көптеген зерттеулердің креативтілік компоненті болып табылатын креативті ортаны зерттеуге арналғанын анықтадық. Amabile, T. M. «ішкі мотивация», «зерттеу саласындағы тәжірибе», «креативті ойлау дағдылары» сияқты өзара байланысты ұғымдарды біріктіретін модель жасады, сонымен креативтіліктің дамуына ықпал ететін және кедергі келтіретін «орта» құрамды бөлігін енгізді. [7]. Soliman, S. ортаны адамдар мен олардың қоршаған ортасы арасындағы қарым-қатынас ретінде қарастыру керек деп тұжырымдады, бұл шығармашылықты тежейтін немесе күшейтетін қоршаған орта жағдайларын бағалау үшін маңызды. Ортаға негізделген амал арқылы шығармашылықты зерттеу екі бағытты қамтиды: креативті ортаның басқа адамға әсерін зерттеу және шығармашылықты жүзеге асырушы жеке тұлғаның өз өнімдері туралы пікірлерін талдау.

**Нәтижелер мен талқылау.** Әдебиеттерге шолу зерттеу мақсаттарына негізделген келесі сұрақтарға жауап іздеу негізінде жүзеге асырылды:

*1. Креативтілік феномені әртүрлі ғылымдар тұрғысынан қалай қарастырылады және оның психологиялық-педагогикалық ғылымдардағы даму сипаттамасы қандай?*

Шетелдік және отандық креативтілік теорияларына сәйкес креативтілік феноменін ғылыми тұрғыдан зерттеу үдерісі ХХ ғасырдың алғашқы жылдарынан бастау алған.

Креативтілікті психологиялық құбылыс ретінде зерттеу ХХ ғасырдың ортасынан бастап белсенді жүргізіліп келеді, оның әдіснамалық негіздерін Guilford, J.P. [4] пен Torrance, P. [5] сияқты ғалымдардың 50-60-жылдары ұсынған креативтілік тұжырымдамасы және оны өлшеу әдістері қалайды. Алайда осы кезеңде жинақталған екі жақты және қарама-қайшы эмпирикалық дәлелдер тұжырымдамалық негіздемелерді де, креативтілікті өлшеу тәсілдерін де ғылыми сынға алып келді. Сонымен бірге алынған нәтижелер ғылыми дискурстағы креативтілік ұғымының көпмағыналылығы мен осы құбылыстың механизмдері мен мазмұнын зерттеудің жеткіліксіздігіне байланысты ғылыми мәселелердің шеңберін көрсетті.

Қазіргі уақытта адамның оқуы, білім алуы және жұмысы үшін маңызды сипаттама ретінде қарастырылатын креативтілікті тереңірек түсіну қажеттілігі пәнаралық зерттеулердің өсуіне түрткі болды. 1960 жылдан бастап жүздеген журналдар мен мерзімді басылымдарда креативтілік туралы он мың ғылыми мақала пайда болды, алты жүзден астам кітап жарық көрді және бұл көрсеткіш күннен күнге артып келеді. Статистикалық деректерді талдау креативтіліктің пәнаралық құбылыс ретінде зерттеушілердің жаһандық ауқымда қызығушылығын тудыратынын көрсетеді. Оған әр түрлі ғылым саласы шеңберінде: педагогика, психология, өнер, мәдениет, әлеуметтану, менеджмент, т.с.с. өткізілген зерттеулер дәлел бола алады.

Шетелдік зерттеулерді тарихи талдау өткен ғасырдың басынан бастап креативтілік құбылысы философия, педагогика, психология ғылымдары тұрғысынан талданғанын, атап айтқанда, оның құрамдас бөліктері, креативтік үдерісінің кезеңдері жан-жақты зерделенгенін, сондай-ақ медицина ғылымы тұрғысынан креативті үдерістегі мидың оң жақ және сол жақ жарты шарының қызметі, ойлау түрлері мәселелерін түсінуге арналған көптеген ғылыми ізденістердің жүргізілгенін көрсетті.

Тұтастай алғанда, креативтілікті дамыту мен қалыптастыру мәселесіне қатысты психологиялық-педагогикалық дереккөздерге талдау жасау төмендегі кестеде келтірілген креативтілікті қалыптастыру тұжырымдамасының схемалық дамуын құруға мүмкіндік берді.

*Кесте 2. Әр түрлі ғылым салаларындағы креативтілікті қалыптастырудың тұжырымдамалары*

<i>Білім саласы</i>	<i>Тұжырымдамалар</i>
Философиялық идеялар тұрғысынан креативтілік	1. Жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін, шығармашылық ойлауын дамыту және қалыптастыру.

Креативтіліктің психологиялық теориялары мен тұжырымдамалары	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи тұжырымдамасы</li> <li>2. Я.А. Пономаревтің шығармашылық қызметті психологиялық модельдеу тұжырымдамасы</li> <li>3. А.В.Брушлинскийдің ойлау мен шығармашылықтың өзара байланысы теориясы</li> <li>4. З.Фрейд, К.Юнгтің шығармашылықтың психоаналитикалық теориясы</li> <li>5. Гештальт психологиясындағы шығармашылық ойлау мәселесі (М. Вертгеймер)</li> <li>6. А.Адлердің шығармашылықтың компенсациялық теориясы</li> <li>7. Э. де Бононың латеральды ойлау теориясы</li> <li>8. Э.Фромм, А.Маслоудың гуманистік психологиясындағы шығармашылық мәселесі</li> <li>9. С.Медниктің креативтіліктің ассоциативті тұжырымдамасы</li> <li>10. Дж.Гилфорд пен Э.П.Торренстің креативтілік тұжырымдамасы</li> <li>11. М.Волах пен Н.Коганның креативтілік тұжырымдамасы</li> <li>12. Нейролингвистикалық бағдарламалау жүйесіндегі креативтілік моделі (NLP)</li> <li>13. Р.Стернберг, Д.Лаверттің «Инвестициялау теориясы»</li> </ol>
Педагогикалық тұжырымдамалар	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Г.С.Альтшуллердің шығармашылықтың алгоритмдік тұжырымдамасы</li> <li>2. Г.К.Селевконың классификациясы бойынша үздіксіз креативті білім берудің көп деңгейлі жүйесі</li> <li>3. А.В.Брушлинский, И.Я.Лернер, М.И.Махмутовтың арнайы модельденген проблемалық жағдай контекстінде танымдық мәселелерді шешу арқылы студенттердің пәндік материалды игеруіне бағытталған проблемалық оқыту теориясы</li> <li>4. Г.Л.Ильиннің жобалы білім беру тұжырымдамасы</li> <li>5. А.В.Хуторскойдың эвристикалық оқыту теориясы, А.Алейниковтың креативті педагогика тұжырымдамасы</li> </ol>
Әлеуметтану	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Р.Флориданың креативті қоғам тұжырымдамасы</li> </ol>

Осылайша, жүргізілген талдау креативтілік феномені дамудың кең спектріне және пәнаралық сипатқа ие деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Оның дәлелін біз М.Г.Ярошевскийдің жұмысынан табамыз, ол жүйелік-құрылымдық амалды қолдана отырып, табиғаты бойынша жүйелік объект бола отырып, креативтілік тек пәнаралық зерттеуде жеткілікті түрде түсініледі деген қорытындыға келді.

Креативтілік мәселесін зерттеуші бірқатар ғалымдар креативтілік моделінің құрамдас бөліктерінің бірі орта екенін дәлелдеді.

*2. Білім алушының білім нәтижелері мен креативтілігін дамытуға ықпал ететін креативті білім беру ортасының компоненттерін анықтау үшін қандай мәліметтер бар?*

Біздің зерттеуіміздің екінші мәселесі шетелдік және отандық авторлардың ғылыми еңбектеріндегі креативті білім беру ортасының сипаттамаларын талдау болды. Кез-келген орта өзінің әсеріне байланысты көп функционалды. Оның әсері білім беру, мәдени және тәрбиелік сипатта болады. «Білім беру ортасы» ұғымына арналған анықтамалардың ішінде біздің зерттеуіміздің мазмұнына жақыны В.А.Ясвиннің анықтамасы болып табылады, ол «білім беру ортасын» берілген үлгі бойынша тұлғаның қалыптасуының әсері мен шарттарының жүйесі, сондай-ақ оның әлеуметтік және кеңістіктік-пәндік ортадағы даму мүмкіндіктері ретінде түсінеді және оның кеңістіктік-пәндік, әлеуметтік және психодидактикалық құрылымдық компоненттерін атап көрсетеді. Н.Ю.Щербаков білім беру ортасының құрамдас бөліктерін былайша қорытындылайды: шығармашылық белсенділікті ынталандыру; міндеттердің, проблемалардың күрделілігінің әртүрлі дәрежесіндегі қордың болуы; мұғалімнің жеке тұлғасы.

Дереккөздерге шолу барысында креативті білім беру ортасының тиімділігі оның келесідей құрамдас бөліктерінің өзара байланысы негізінде артатындығы анықталды:

1. Білім берудің ұйымдастырылуы, субъектілерінің әлеуметтік-психологиялық құрылымы, ұйымның ішкі бағытталуы; мотивациялық, эмоционалды, белсенді, бақылаушы және бағалаушы (Veneta G. Zakirovaa & Elza E. Purikb, 2016);

2. Оқыту мақсатына бағыттылық, білім алмасудың өзара қарым-қатынасы, педагогтың креативті құзыреттілігі, креативті әлеуеті (Fan, M., & Cai, W., 2020, Бактыбаева А.Ж., Жазықова М.К., 2019, Альситова А.Б., 2023) [15,16,17];

3. Білім алушыларды шығармашылық іс-әрекетке қатыстыру, оқытудың алуан түрлі әдістерін қолдану; креативті тапсырмалар – сипаттаушы, қайта құрушы, жаңадан құрастырушы (Егорова И.С., Михалкина Е.А., 2015, Мышко, Д. Р., 2021) [18]

Ғалымдар Davies, Richardson & Mishra креативті білім беру ортасын зерттеуге көп көңіл бөлді, бұл оқушылардың креативтіліктің құндылығын көрсететін оқу ортасын құруға үлкен мән беретін мұғалімдер тәрбиелеуі мүмкін деп болжайды. Mishra. В анықтамасы бойынша, «сыныптағы креативті білім беру ортасы білім алушылардың идеяларын қолдайды, қателіктерді шешуге, оқу процесінде тәуекелге ықпал етеді» [15]. Зерттеушілер мектептегі креативті білім беру ортасында оқушылар өздерінің дағдылары мен кәсіби білімдерін дамытуды жалғастыра беретінін анықтады, бұл олардың шығармашылық мүмкіндіктерін айтарлықтай ынталандырады. Білім алушылардың креативтілігіне әсер ететін креативті білім беру ортасының құрамдас бөліктері ретінде бірқатар зерттеушілер оқыту жүйесінің, оқытудың байланыс жүйесінің және білім беру процесінің субъектілері арасында білім алмасудың мақсатқа бағдарлануын атайды. Атап айтқанда, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру үшін тиімді пайдаланылатын сынып кеңістігі оқу мақсаттарын дамытуға ықпал етуі мүмкін, бұл өз кезегінде оларға шығармашылық ресурстар береді.

Желілік оқыту байланыстары креативтілік пен креативті оқу ортасы арасындағы берік байланыс болып табылады. Атап айтқанда, сынып креативті орта арқылы оқуды ынталандырумен сипатталса, оқушылар берік желілік (коммуникативтік) байланыс орнатуы ықтимал. Нәтижесінде олар пайдалы ақпарат немесе жаңа перспективалар беріп қана қоймай, эмоционалды түрде қолдау көрсете алатын, содан кейін шығармашылық әрекеттерге көбірек күш сала алатын басқа адамдармен (мысалы, сыныптастары мен мұғалімдері) араласуға бейім.

Оқушылар креативті оқу ортасы ретінде сипатталатын қолайлы ортада оқығанда өз білімдерін сыныптастарымен бөлісуге көбірек ұмтылады; демек, олардың шығармашылық идеяларын проблемаларды шешуге итермелейтін әртүрлі білім мен ақпаратқа қол жеткізуге көбірек мүмкіндіктері бар [15].

Ғалымдар креативті білім беру ортасын студенттердің өзін-өзі жүзеге асыруы мен жеке өсуін қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға арналған көп өлшемді дараланған өзін-өзі ұйымдастыратын тұтастық ретінде анықтайды. Ғалым сонымен қатар жобаланған креативті білім беру ортасының коммуникативті компонентін бөліп алып, ақпараттық технологияларды қолдануды ұсынды.

Креативті білім беру ортасының құрылымдық компоненттерін бірқатар ғалымдар әсер етуші факторлар тұрғысынан қарастырған: физикалық орта, адами фактор, оқыту бағдарламасының мазмұны (Ковалев Г.А., Davies, Richardson & Mishra т.б.), пәндік-кеңістік, әлеуметтік, технологиялық (Ясвин В.А., Панов В.И., Скворцова М.А. т.б.)

Яковенко Т.В. өз зерттеуінде креативті білім беру ортасын «шығармашылық көзқарас, субъективті позицияны еркін таңдау, өмірлік құндылықтар мен басымдықтарды ерікті түрде қабылдау негізінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, жеке-кәсіби дамуы және шығармашылық әлеуетін дамыту жүзеге асырылатын әлеуметтік-педагогикалық білім» деп сипаттайды. Оның пікірінше, креативті білім беру ортасы күрделі құрылым: әрбір қатысушының жеке тұлғасын құрметтеуге, білім беру процесінің барлық субъектілерінің белсенділігіне, шығармашылыққа, бірлестіке, қолайлы психологиялық атмосфераға негізделген [19]. Бұл көзқарасты Сидорова А.В. қолдайды, ол креативті білім беру ортасына – білім беру үдерісінің субъектілері арасындағы өзара байланысты және шартты факторлар,



механизмдер, технологиялар, әртүрлі қатынастар жүйесі деп сипаттама береді. Ол креативті ортасын бала үшін және педагог үшін екі түрін ажыратады:

- Балаға қатысты креативті орта – бұл әркім үшін жеке, оның қажеттіліктеріне, ұмтылыстарына жауап беретін, оның құндылықтар, уәждер жүйесіне сүйенетін және өзін-өзі ұйымдастыру қабілетіне ие жеке кеңістік;

- Мұғалімге қатысты креативті білім беру ортасын кәсіби өсудің шарты ретінде қарастырады [20].

Біздің зерттеуімізде де, креативті білім беру ортасының психологиялық педагогикалық шарттары бір жағынан оқушылардың креативтіліктің және білім беру нәтижелерінің артуына, сонымен қатар, мұғалімдердің жалпы креативті әлеуеті, кәсіби шеберлігінің артуына бағытталады. Зерттеуші ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, креативті білім беру ортасы әрбір қатысушының өз білім деңгейінде шығармашылық әлеуетті дамытуға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар (және бұл біздің ойымызша, ең бастысы) өзін – өзі тану, шығармашылық өзін-өзі дамыту және жетілдіру қажеттілігін оятуға, адамның объективті өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға тиіс.

Ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, біз креативті білім беру ортасы барлық қатысушыларды қамтитын физикалық қоршаған ортасы мен заттарына, субъектілер арасындағы тиімді коммуникация мен жайлы психологиялық ахуал және белгілі бір білім нәтижесіне бағытталған технологиялық кешенмен қамтамасыз ететін құрылымдық компоненттерді анықтаймыз. Оларды жалпы түрде пәндік-кеңістік, әлеуметтік-коммуникативті, ұйымдастырушылық-технологиялық деп атауға болады. Аталған компоненттер келесі элементтермен сипатталады:

- Креативті білім беру ортасының пәндік-кеңістіктік компоненті білім беру процесінің субъектілерін қажетті жайлы және қауіпсіз кеңістікпен, қоршаған ортаның әрбір субъектісі тиімді өзара әрекеттесетін оқу-әдістемелік жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған.

- Креативті білім беру ортасының әлеуметтік-коммуникативті компоненті қоршаған орта субъектілері арасындағы тұлғааралық өзара әрекеттесуді, мұғалімнің икемділігін, сондай-ақ теңдік пен инклюзивтілік принциптерін құрайды.

- Креативті білім беру ортасының ұйымдастырушылық-технологиялық компоненті қатысушылар арасындағы ынтымақтастықты, оқытудың креативті технологияларын (эвристикалық, проблемалық және т. б.), сондай-ақ бағалау мен диагностика кешенін және рефлексиялық-бағалау рәсімдерін ұйымдастыру арқылы қол жеткізілетін бірқатар жағдайлар болып табылады.

Теориялық талдау негізінде креативті білім беру ортасын біз оқытудың белгілі бір нәтижелерін қамтамасыз ететін және белгілі бір мектеп ортасының білім беру процесін сипаттайтын пәндік-кеңістіктік, әлеуметтік-коммуникациялық және ұйымдастырушылық жағдайлардың жиынтығы ретінде сипаттаймыз.

**Қорытынды.** Жеке тұлғаның қалыптасу үдерісі арнайы жағдайларды, яғни оған енгізілген әрбір адамның шығармашылық өзін-өзі дамытуын ынталандыратын арнайы ұйымдастырылған әлеуметтік-мәдени және білім беру кеңістігі ретінде креативті білім беру ортасын анықтауды талап етеді.

Жүргізілген теориялық талдау және ғылыми дәлелденген зерттеу нәтижелері креативтіліктің құрамдас бөліктері тұлға, процесс, өнім және орта болып табылады деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Креативті білім беру ортасының тиімділігі пәндік-кеңістік, әлеуметтік-коммуникативті, ұйымдастырушылық-технологиялық құрылымдық компоненттерінің өзара байланысы мен әрекеттесуі негізде жүзеге асады.

Олай болса, креативтілік жеке тұлғалық қасиетке айналуы үшін әлеуметтік тәжірибені иемденуден өзін-өзі өзгертуге көшу барысында креативті білім ортасын қалыптастыру үшін жағдай жасау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Rhodes M. An analysis of creativity. *Phi Delta Kappan*, 42, 305–310. <https://www.jstor.org/stable/20342603>
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жыл, 27 шілде, № 319-III. (26.02. 2023 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
3. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1800000636>
4. Мороз В.В. Обзор зарубежных теорий креативности. *Вестник Оренбургского государственного университета*. 2016. – № 12 (200) <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=28786530>
5. Davies, D., Jindal-Snape, D., Collier, C., Digby, R., Hay, P., & Howe, A. (2013). *Creative Learning Environments in education—A systematic literature review*. *Thinking Skills and Creativity*, 8, 80–91. doi:10.1016/j.tsc.2012.07.004
6. Garcês, Pocinho, M., Jesus, S. N., & Viseu, J. (2016). *The impact of the creative environment on the creative person, process, and product*. *Revista Avaliação Psicológica*, 15(2), 169–176. <https://doi.org/10.15689/ap.2016>
7. Amabile, T., Conti, R., Coon, H., Lazenby, J., & Herron, M. (1996). *Assessing the work environment for creativity*. *The Academy of Management Journal*, 39, 1154–1184. doi: 10.2307/256995
8. Jordanous, A. *Four PPP Perspectives on computational creativity in theory and in practice*. *Connection Science*, 28:2, 194–216, DOI: 10.1080/09540091.2016.1151860
9. Железовская Г.И., Абрамова Н.В., Гудкова Е.Н. Креативная среда как фактор творческого саморазвития личности // ПНУО. 2014. №1 (7). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kreativnaya-sreda-kak-faktor-tvorcheskogo-samorazvitiya-lichnosti>.
10. Швайковский А.С. Педагогические условия развития креативного потенциала студентов на основе инновационных образовательных технологий: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.01.- Шымкент, 2009. – 25 с.
11. Жолдасбеков А.А., Оспанова Б.А., Жолдасбекова К.А. Креативті психология – Алматы, 2013. – 410 б.
12. Нағымжанова Қ.М. Инновациялық білім беру ортасында педагогикалық креативтікті қалыптастыру. Монография – Өскемен. С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012- – 335 б.
13. Aleksandra Gruszka & Min Tang. *The 4P's Creativity Model and its Application in Different Fields*. Chapter 3 in *Handbook of the Management of Creativity and Innovation: Theory and Practice*, 2017, pp 51-71 <https://core.ac.uk/download/pdf/149242735.pdf>
14. Kapoor, H., & Khan, A. (2018). *Creators and Presses: The Person-Situation Interaction in Negative Creativity*. *The Journal of Creative Behavior*. doi:10.1002/jocb.346
15. Fan, M., Cai, W. *How does a Creative Learning Environment foster student creativity? An examination on multiple explanatory mechanisms*. *Curr Psychol* 41, 4667–4676(2022) // <https://doi.org/10.1007/s12144-020-00974-z>
16. Бақтыбаева А.Ж., Жазықова М.Қ. Болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы ғылыми шығармаластықтың ролі. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Психология» сериясы №2(63) 2020 ж. 264-268 бб. [http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal\\_file/file20210108115023.pdf](http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20210108115023.pdf)
17. Альситова А.Б. Исследование факторов и барьеров, негативно влияющих на развитие креативного потенциала личности / Университет еңбектері. №4 (93), 2023. DOI 10.52209/1609-1825\_2023\_4\_278
18. Мышко, Д. Р. Создание креативной образовательной среды на уроке как проявление профессиональной компетенции учителя / Д. Р. Мышко // *Образование XXI века: тренды, новые модели эпохи цифровизации и провайдеры поколения NEXT : материалы Международной научно-практической конференции, Гродно, 20 апреля 2021 года. – Гродно: ГУО "Гродненский областной институт развития образования", 2021. – С. 159-163. – EDN PMZLQP.*
19. Яковенко Т.В. Проектирование креативной образовательной среды как условие формирования креативной компетентности будущих педагогов профессионального обучения // *Психолого-педагогическое сопровождение образования, профессионального образования, дополнительного образования, летнего отдыха и оздоровления детей и подростков. – 2019. – С. 138-141.*
20. Сидорова А.В. Модель методического сопровождения профессионального роста педагогов доу в условиях креативной образовательной среды // *Сборник материалов Ежегодной международной научно-практической конференции «Воспитание и обучение детей младшего возраста». №6. – 2017. – С. 60-61*



References:

1. Rhodes, M. An analysis of creativity. *Phi Delta Kappan*, 42, 305–310. <https://www.jstor.org/stable/20342603>
2. «Bilim turaly» 2007 zhylzy 27 shildedegi № 319-III Қазақстан Respublikasynuң Zanu (2023.26.02. berilgen өзgerister men tolyқтыrularymen) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
3. Қазақстан Respublikasynuң 2025 zhylğa dejingi Ұlttyқ damu zhospary // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1800000636>
4. Moroz V.V. *Obzor zarubezhnyh teorij kreativnosti*. *Vestnik Orenburgskogo gosudarstvennogo universiteta*. 2016. – № 12 (200) // <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=28786530>
5. Davies, D., Jindal-Snape, D., Collier, C., Digby, R., Hay, P., & Howe, A. (2013). *Creative Learning Environments in education—A systematic literature review*. *Thinking Skills and Creativity*, 8, 80–91. doi:10.1016/j.tsc.2012.07.004
6. Garcês, Pocinho, M., Jesus, S. N., & Viseu, J. (2016). *The impact of the creative environment on the creative person, process, and product*. *Revista Avaliação Psicológica*, 15(2), 169–176. <https://doi.org/10.15689/ap.2016>.

7. Amabile, T., Conti, R., Coon, H., Lazenby, J., & Herron, M. (1996). Assessing the work environment for creativity. *The Academy of Management Journal*, 39, 1154-1184. doi: 10.2307/256995
8. Jordanous, A. Four PPPPerspectives on computational creativity in theory and in practice. *Connection Science*, 28:2, 194-216, DOI: 10.1080/09540091.2016.1151860
9. ZHelezovskaya G.I., Abramova N.V., Gudkova E.N. Kreativnaya sreda kak faktor tvorcheskogo samorazvitiya lichnosti // PNiO. 2014. №1 (7). // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kreativnaya-sreda-kak-faktor-tvorcheskogo-samorazvitiya-lichnosti>.
10. SHvajkovskij A.S. Pedagogicheskie usloviya razvitiya kreativnogo potentsiala studentov na osnove innovacionnyh obrazovatel'nyh tekhnologij: avtoref. ... kand. ped. nauk: 13.00.01. – SHymkent, 2009. – 25 s.
11. ZHoldasbekov A.A., Ospanova B.A., ZHoldasbekova K.A. Kreativiti psihologiya – Almaty, 2013. – 410 b.
12. NAFYMZHANOVA Қ.М. Innovaciyaлық bilim beru ortasynda pedagogikaлық kreativtikti қалыптастыру. Monografiya – Әskemen. S.Amanzholov atyndazy SHҚМУ baspasy, 2012. – 335 b.
13. Aleksandra Gruszka & Min Tang. The 4P's Creativity Model and its Application in Different Fields. Chapter 3 in *Handbook of the Management of Creativity and Innovation: Theory and Practice*, 2017, pp 51-71 <https://core.ac.uk/download/pdf/149242735.pdf>
14. Kapoor, H., & Khan, A. (2018). Creators and Presses: The Person-Situation Interaction in Negative Creativity. *The Journal of Creative Behavior*. doi:10.1002/jocb.346
15. Fan, M., Cai, W. How does a Creative Learning Environment foster student creativity? An examination on multiple explanatory mechanisms. *CurrPsychol* 41,4667–4676 (2022)// <https://doi.org/10.1007/s12144-020-00974-z>
16. Вақтыбаева А.ЗН., ZHazyқова М.Қ. Bolashaқ pedagogtyң kreativtik kыzyrettiligin қалыптастырудaғы ғылыми shygarmalastyқтың roli. Abaj atyndazy ҚазҰПУ-нің Habarshysy, «Psihologiya» seriyasy №2(63)2020 zh. 64-268 bb.
17. Al'sitova A.B. Issledovanie faktorov i bar'erov, negativno vliyayushchih na razvitie kreativnogo potentsiala lichnosti/ Universitet eңbekteri. №4 (93), 2023. DOI 10.52209/1609-1825\_2023\_4\_278
18. Myshko, D. R. Sozdanie kreativnoj obrazovatel'noj sredy na uroke kak proyavlenie professional'noj kompetencii uchitelya / D. R. Myshko // *Obrazovanie HKHI veka: trendy, novye modeli epohi cifrovizacii i provajdery pokoleniya NEXT : materialy Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii, Grodno, 20 aprelya 2021 goda. – Grodno: GUO "Grodnenskiy oblastnoy institut razvitiya obrazovaniya", 2021. – S. 159-163. – EDN PMZLQP.*
19. YAkovenko T.V. Proektirovanie kreativnoj obrazovatel'noj sredy kak uslovie formirovaniya kreativnoj kompetentnosti budushchih pedagogov professional'nogo obucheniya // *Psihologo-pedagogicheskoe soprovozhdenie obrazovaniya, professional'nogo obrazovaniya, dopolnitel'nogo obrazovaniya, letnego otdyha i ozdorovleniya detej i podrostkov. – 2019. – S. 138-141.*
20. Sidorova A.V. Model' metodicheskogo soprovozhdeniya professional'nogo rosta pedagogov dou v usloviyah kreativnoj obrazovatel'noj sredy // *Sbornik materialov Ezhegodnoj mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Vospitanie i obuchenie detej mladshogo vozrasta». №6. – 2017. – S. 60-61*

МРНТИ 14.01.21

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.83.3.003>

Сабырханова Л.Ш. \*, Жайдакбаева Л.К. 

\*<sup>1</sup>Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,  
г.Шымкент, Казахстан

<sup>2</sup>Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова, г.Шымкент, Казахстан

## МЕТА-АНАЛИЗ ВЫПОЛНЕННЫХ ДИССЕРТАЦИЙ С ПОМОЩЬЮ ПРОГРАММЫ SCRATCH В ТУРЦИИ

### Аннотация

В последние годы наблюдается растущий интерес к использованию инструментов программирования, таких как Scratch, для развития вычислительного мышления и творческих навыков у учащихся начальной школы. Турция – одна из стран, которая активно использует Scratch в своей образовательной системе для продвижения этих навыков. В этой статье мы рассмотрим метаанализ докторских диссертаций, в которых исследуется влияние Scratch на творческие способности учащихся в Турции.

Метаанализ был проведен на основе 15 докторских диссертаций, выполненных в период с 2010 по 2022 год. Диссертации были посвящены различным аспектам Scratch и его влиянию на творчество, вычислительное мышление и навыки решения проблем у учащихся школы.

Результаты метаанализа показывают, что использование Scratch положительно влияет на творческие способности учащихся. В частности, учащиеся, которые работали со Scratch, оказались более творческими,